



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік  
және жекешелендіру комитеті  
төрағасының 2012 жылғы  
« 20 » тамыз № 804  
бұйрығымен бекітілген

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі – Кәсіпорын) құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастырылуы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 желтоқсандағы № 1879 қаулысына сәйкес құрылған және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірідегі № 544 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің  
«С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – тікелей саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:  
толық  
мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;  
орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова» Министерства образования и науки Республики Казахстан;

қысқартылғаны:  
мемлекеттік тілде – «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» РМҚ;  
орыс тілінде – РГП «Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 желтоқсандағы № 1879 қаулысына сәйкес құрылған және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 544 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

4. Университеттің мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік республикалық меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова» Министерства образования и науки Республики Казахстан;

қысқартылғаны:

мемлекеттік тілде – «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті» РМК;

орыс тілінде – РГП «Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты

12. Кәсіпорын қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми зерттеулер саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұлғаның ұлттық және жалпы адамзат құндылықтарының, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білімді алуы үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздік және сабақтастық қағидаттары негізінде экономиканың және әлеуметтік саланың әртүрлі жүйелері үшін білікті мамандарды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес даярлау;

2) магистратурада, PhD докторантурада кадрлар даярлау;

3) ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-құрастыру жұмыстарын, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік жұмысты, халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу арқылы білім беруді ақпараттандыруды ұйымдастыру және жүргізу;

4) Кәсіпорын қызметінің бейіні бойынша оқу және әдістемелік, оның ішінде электрондық, ғылыми еңбектер шығару, мерзімді және сериялық басылымдарды басып шығару;

5) жоғары оқу орнына түсуге дайындау мақсатында дайындық бөлімінің қызметін ұйымдастыру;

6) Дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-

шаралар ұйымдастыру және өткізу, спорт секцияларын құру;

7) білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуде қатысу;

8) жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бойынша білім беру, ғылым және әдістемелік салада негізгі концептуалдық ережелерді әзірлеуде, сынауда және енгізуде қатысу;

9) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын әзірлеуде, сынауда және енгізуде қатысу;

10) білім беру жүйесін әдіснамалық қамтамасыз етуде қатысу;

11) білім алушылар мен қызметкерлерді тамақпен, тұратын орынмен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

15. Кәсіпорын өзінің осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасасуға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдары немесе құрылтайшы құжаттарының белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не оның ректордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын ректорының заңды тұлғасының жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылады әрі тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды

жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынға жұмыс істеуі мен оған басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарын (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша оның проректорлары қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын ректорының, оның проректорларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорын ректорының ұсынымы бойынша Кәсіпорын бас

бухгалтерін, филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның ректоры оның органы болып табылады.

21. Ректорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы № 1353 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның ректорымен еңбек шартынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, Кәсіпорын ректорының бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның ректоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның ректоры Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Ректор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Кәсіпорынның ректоры:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (проректорлар мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) проректорларды қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) проректорлар мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша бас бухгалтерді, Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Ғылыми Кеңестің шешімі негізінде Кәсіпорынның құрылымын бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Кәсіпорынды алқалық басқару нысандары қамқоршылық кеңесі, ғылыми кеңес болып табылады.

## 5. Білім беру үдерісін ұйымдастыру

28. Кәсіпорын мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

29. Кәсіпорында мамандарды даярлаудың әр түрлі мерзімдері мен деңгейлері бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары іске асырылады.

30. Кәсіпорын қолданыстағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуіші мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін бар лицензияларға сәйкес мамандарды даярлайды.

31. Кәсіпорын типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

32. Оқу жылының ұзақтығын, оқу сабақтарының түрлерін, білімді бақылау жүйесін қамтитын оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері Университеттің ректоры бекітетін Кәсіпорынның ішкі саясатымен регламенттеледі.

33. Кәсіпорынды тәртіп білім алушылар мен педагогтардың адамдық қасиеттерін өзара құрметтеуі негізінде қамтамасыз етіледі. Білім алушы тұлғаларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

34. Кәсіпорын ғылыми зерттеулерді, оқу және әдістемелік жұмыстарды қолданыстағы білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоспарлайды және жүзеге асырады.

35. Кәсіпорында білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау жоғары кәсіптік білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізіледі, оның нәтижелері бойынша білім беру туралы құжат (диплом) беріледі. Қорытынды

аттестацияға оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының барлық талаптарын орындаған білім алушылар жіберіледі.

36. Кәсіпорын білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібі мен мерзімділігін дербес таңдайды.

## 6. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

37. Кәсіпорынға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

38. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі әр оқу жылына жасалатын қабылдау Ережелерімен белгіленеді.

39. Кәсіпорынның білім алушылар контингентін қалыптастыру білім беру гранттары және ақылы негізінде жүзеге асады.

40. Талапкерлерді қабылдауға орындар саны және оларды қабылдау қарылымын Кәсіпорын өздігінше анықтайды.

41. Кәсіпорынға тапсырушылардың құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын өткізу және оларды студенттер қатарына қабылдау мақсатында қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады. Қабылдау комиссиясының қызметі білім беру саласындағы уәкілетті органымен бекітілген жоғары оқу орындарына қабылдау Типтік ережелерімен регламенттеледі.

## 7. Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

42. Кәсіпорында білім алушылардың, қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Кәсіпорынның Ішкі тәртіп ережелерімен, білім алушыларға ақылы білім беру қызметін көрсету келісім-шартымен айқындалады.

43. Кәсіпорын білім алушылармен тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілетін оқу шартын (келісім- шартты) жасасуға міндетті.

44. Кәсіпорында білім алушылардың:

1) Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары жөніндегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес, қосымша білім беру қызметтерін, білімді ақылы негізде алуға;

5) Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;

- 6) оқу орнына қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысуға;
  - 7) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;
  - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыруға;
  - 9) өз пікірлері мен наным-сенімдерін еркін білдіруге;
  - 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
  - 11) Кәсіпорында ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне;
  - 12) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы ақысыз пайдалануға;
  - 13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
  - 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, академиялық демалыс алуға;
  - 15) белгіленген тәртіппен жатақханаларда орындармен қамтамасыз етілуіне құқығы бар.
45. Кәсіпорынның білім алушылары:
- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес теориялық білім, практикалық дағдылар мен күзиреттіліктерді меңгеруге;
  - 2) белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын орындауға;
  - 3) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
  - 4) осы жарғының талаптары мен Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережесін сақтауға;
  - 5) Кәсіпорын қызметкерлерінің қадір-қасиеті мен дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.
46. Білім алушы:
- 1) өз еркімен;
  - 2) Дәрігерлік-біліктілік комиссиясының анықтама-қорытындысының негізінде денсаулығының жай-күйі бойынша;
  - 3) білім берудің басқа ұйымына ауысуына байланысты;
  - 4) оқу тәртібін, Ішкі тәртіп ережесі мен осы Жарғыны бұзғаны үшін;
  - 5) ақылы негізде білім алу келісім – шарты талаптарын орындамағаны үшін;
  - 6) Кәсіпорынның студенті атағына кір келтіретін заңсыз және ерсі іс-әрекеттерді жасағаны үшін Кәсіпорыннан шығарылуы мүмкін.
47. Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген күндізгі білімнің бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді.
48. Заңды тұлғалармен шарттар негізінде жоғары оқу орындарында аяқталған бітірушілер шарт (келісім-шарт) талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.
49. Кәсіпорынның профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми

қызметкерлері:

- 1) кәсіптік қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталуы шартында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз біліктілігін арттыруға;
- 4) Кәсіпорынды басқарудың алқалық органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық көтермеленуге, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және мақтау қағаздарымен марапатталуға;
- 6) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
- 7) Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;
- 8) ғылыми зерттеу, сынақ-эксперименталдық жұмыстармен айналысу, педагогикалық практикаға, жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқылы.

50. Кәсіпорынның профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері:

- 1) өзінің кәсіби құзыреті саласында оқытудың тиісті теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларына ие болуға;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға, қоршаған ортаға құрмет көрсету рухында тәрбиелеуге;
- 4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) еңбек заңнамасы талаптарын сақтауға;
- 8) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;
- 9) білім алушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

51. Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің, әкімшілік-қызмет көрсету, өндірістік және қосалқы көмек көрсету персоналының құқықтары мен міндеттері ішкі тәртіп ережелерімен және ауызымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

52. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің Кәсіпорыннан өз баталарының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға құқығы бар.

## 8. Көрсетілетін ақылы білім беру қызметтерінің тізбесі мен тәртібі

53. Кәсіпорын ақысыз білім беру қызметтерін ұсынумен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызметтерді көрсетеді.

54. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты, Кәсіпорын мен білім алушының, оның ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы мөлшерін, өзге де жағдайларды айқындайтын шартпен реттеледі.

55. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тізбесі осы Жарғының 3-бөлімінің 14-тармағында анықталады.

## 9. Кәсіпорынның мүлкі

56. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

57. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

58. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

59. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

60. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

61. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

62. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

63. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

64. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының

65-тармағында көзделген жағдайда тоқтатылады.

65. Осы Жарғының 64-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

66. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

67. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

68. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

69. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 67 және 68-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## 10. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

70. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

71. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

72. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

73. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

74. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## 11. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

75. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 412 445 900 (бір миллиард төрт жүз он екі миллион төрт жүз қырық бес мың тоғыз жүз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

## 12. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

76. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

77. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі мыналарды: бухгалтерлік теңгерімді, пайдалар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## 13. Кәсіпорынның жауапкершілігі

78. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

#### **14. Кәсіпорынның халықаралық қызметі**

79. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасы заңнамасы мен халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырады. Кәсіпорын шет елдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар мен қорлармен тікелей байланыс орнатады, озат тәжірибені зерттеу және тарату мақсатында ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасады.

#### **15. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

80. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

81. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### **16. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

82. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

83. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

84. Кәсіпорын ректорының, оның проректорларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

#### **17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

85. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

86. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

87. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған

таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

## 18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

88. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Ректордың міндетін атқарушы С.М.Өмірбаев



УСТАВ

Республиканского государственного предприятия

с правом хозяйственного ведения «Павлодарский государственный

университет имени С. Торайгырова» Министерства образования

и науки Республики Казахстан